

№ 1 «31»08 .2023 жыл

Педкеңесте қаралды

Бекітемін: Иск С.А.Искакова

Басқұдық ЖОББМ директоры м.у.а



Келісемін: А.Т.Саметеев

Аудандық білім бөлімінің
басшысы м.у.а



Тақырыбы:

«Математика әлемі»

(Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Класы : 2

Орындады : Т.З.Абдешова

Бастауыш сынып мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды: Иск Т.З.Абдешова

№ 1 хаттама 28 күні 08 айы 2023ж

Тексерілді: Иск С.А.Искакова

Оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі

Түсінік хат

Бала мектепке келген бірінші күнінен бастап есеп шығарумен кездеседі. Бірақ мәтіндік есеп шығару оқушыға көбінесе қиыншылық туғызып, есепті талдауға келгенде қиналады. Бұл оқушыларға берілетін логикалық ойларын дамытатын тапсырмалардың кемдігінен және берілген уақыт тапшылығынан.

Бұл факультативтік курсты жоспарлағанда бастауыш сатыдағы балалардың сабақтан тыс уақытта орындайтын логикалық ой-өрісті кеңейтуге негізделген қызықты түрде құрастырылған мәтіндік есептер, блиц есептер, сөзжұмбақтар, ребустар т.б. таңдап алдым. Бұл жұмыстар көру байқағыштығы мен кеңістік елестетулерін дамытып, есту сезімі мен зейіннің тұрақтылығын қалыптастырады, баланың ойлау аясын кеңейтеді. Үнемі жұмыс жүргізу нәтижесінде машықтық пен біліктілік қалыптасады.

Тапқырлыққа, алғырлыққа тәрбиеленіп, топпен, өз бетімен жұмыс жасай білуге дағдыланып, іздену қабілеттерінің қалыптасуына мүмкіндік беріледі. Әрі математикалық олимпиадаларға дайындық есебінде де болмақ.

1-сыныптан басталған бұл жұмыс, яғни "Логика" факультативтік курсындағы оқушының логикалық ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылығын белсендіретін тапсырмалар сынып өскен сайын "жеңілден-ауырға" принципімен күрделеніп отырады. Жылма-жыл осы тақырыптағы тапсырмаларды баланың жас ерекшелігіне сай таңдап, олардың математика пәнін жоғары деңгейде меңгеруіне көмектессем деймін.

Мақсаты:

- Оқушыларға есептеу, талдау, ойлау, салыстыру, дәлелдеу дағдыларын қалыптастыра отырып, математика пәніне деген қызығушылықты дамыту.
- Ізденімпаздыққа, зейінді де зерек болуға, тапқырлыққа тәрбиелеу.
- Таным белсенділіктерін қалыптастыра отырып, шығармашылығын дамыту, дүниетанымын кеңейту.

Міндеті:

- Математика пәнінен алған білімді қолдана білу.
- Математика пәнін игеруде жетістікке жетелеу.
- Тіл мәдениетінің дұрыс қалыптасуына, ой үрдісінің дамуына себеп болу.
- Қабілетті оқушылармен жұмысты жандандыру.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушының ойлау іскерлігі қалыптасады.
- Қызығушылық қабілеті оянады.
- Шығармашылықпен жұмыс атқарады.
- Ақыл- ойы жетіледі.

Мазмұндық бөлім

Жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеуде оқушылардың логикалық ойлау және шығармашылық қабілетін қалыптастырудың маңызы зор. Бастауыштағы білімнің бала өміріндегі алғашқы басқыш екенін ескере отырып, оқушының жеке қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Мектеп өмірінде арнайы курс бағдарламасы арқылы оқушының білім дағдысы жетілдіріледі. Осыған орай құрылған оқушылардың логикалық қабілеттерін дамытуда септігін тигізеді деген мақсатта құрылған «Математика әлемі» бағдарламасы аптасына бір сағаттан 2 класқа 34 сағатқа құрылды. 1-тарау. Математикалық қызықты есептер. 2-тарау. Уақыт және өлшем бірліктері. 3-тарау. Теңдеу құру. 4-тарау. Танымдылық есептер. Берілген тапсырмалардың барлығы оқушылардың жас шамасына қарай құрылды.

Ақпараттық бөлім.

Ұсынылып отырған арнайы курс бағдарламасы 2 класс оқушыларының логикалық ойлау қабілеттері мен танымдық белсенділіктерін оятуды көздеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен шығармашылық белсенділіктерін арттырып, оқу сапасын көтеруге ықпалын тигізді. Оқушылардың қызығушылығын, математикалық инициативасын арттыру мақсатында қызықты есептерді пайдаланамын. Қызықты есептер, өлең, әзіл, ермек, викторина түрінде болады. Сонымен бірге логикалық есептер, математикалық жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ойын есептер қолданылады. Мұндай есептерді шығартудың білімдік те, тәрбиелік те маңызы зор. Алған білімдері бойынша тиісті қорытынды жасауға, өздері игереген есеп шығару дағдыларын іс жүзінде қолдана білуге жаттықтыру. Сабаққа деген қызығуды мұғалім оны жүргізу үстінде тудырса, ал жүйелі түрде жүргізілетін жұмыстар одан әрі дамытуға себепші болады. Сондықтан әрбір педагогтың әрбір өтілетін сабаққа мән бере қарап, дұрыс шешімін табуға өзіндік үлес қосуы-бұл өмір талабы.

Түйіндей келе, бұл тапсырмалардың маңызы мен болашақтағы тиімді тұстары бағдарлама бойынша математиканы оқытуда сапалы деңгейге шығаруға көмектеседі деп ойлаймын.

«Математика әлемі» факультативтік курсының жылдық жұмыс жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Математикалық санамақ	1	05.09
2	Математикалық жұмбақ, жаңылтпаш	1	12.09
3	Математикалық қызықты есептер	1	19.09
4	Математикалық фокус есептер "Сан ойла", "Ойлаған санды тап"	1	26.09
5	"Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар"	1	03.10
6	Халық өлшемдері	1	10.10
7	Қазақы есептер	1	17.10
8	"Миллион кімге бұйырады"	1	24.10
9	Ұзындыққа байланысты есептер	1	07.11
10	Уақытқа берілген логикалық есептер	1	14.11
11	Математикалық викторина	1	21.11
12	Математикалық сөзжұмбақ, ребус	1	28.11
13	Математикалық мақал-мәтелдер	1	05.12
14	Тапқырлықты талап ететін логикалық есептер	1	12.12
15	Геометриялық басқатырғы	1	19.12
16	Сиқырлы шаршылар	1	26.12
17	Массаны табуға арналған логикалық есептер	1	09.01
18	"Математика патшалығында" сайысы	1	16.01
19	Математикалық шытырмандар	1	23.01
20	Математикалық спорттық есептер	1	30.01
21	Тендеу құру арқылы шығарылатын логикалық есептер	1	06.02
22	Кіші олимпиада	1	13.02
23	Қызықты есептер	1	20.02
24	Математикалық көңілді есептер	1	27.02
25	Сыйымдылыққа арналған логикалық есептер	1	05.03
26	Математикалық әзіл, жұмбақ есептер	1	12.03
27	"Жұлдызды сәт"	1	19.03
28	Бағасы, саны, құнын табуға берілген есептер	1	02.04
29	Танымдық есептер	1	09.04
30	Жан-жануарларға байланысты логикалық есептер	1	16.04
31	Өсімдіктерге қатысты логикалық есептер	1	23.04
32	Геометриялық фигураларға қатысты логикалық есептер	1	30.04
33	Білімді шындауға арналған логикалық есептер	1	14.05
34	"Жас математик" сайысы	1	21.05

Қолданылған әдебиеттер

Оқушыларға арналған әдебиеттер:

- 1.«Бал жұмбақ» ойын-сауық, танымдық газеттері. 2011ж. 2012ж.
- 2.Алақай журналы. Алматы, 2015-2017ж
- 3.«Математика оқулығы», Атамұра, 2003-2010ж.
- 4.Айгөлек журналы. 2013-2018ж.
- 5.Балдырған журналы. 2005-2018ж.
- 6.Бала би журналы. 2014-2017ж.
- 7.Өлең есептер кітапшасы
- 8.Бастауыш кластарға арналған логикалық есептер кітапшасы.
- 9.Математикалық жұмбақтар кітапшасы.
- 10.Мөлдір бұлақ журналы. 2014-2016ж.

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.- Алматы, 2003ж.
- 2.«Математика оқулығы» 1,2,3,4 кл. Атамұра, 2003-2011ж.
- 3.«Бастауыш мектеп» журналы. 2014-2017ж.
- 4.«Бастауыш сыныпта оқыту» барлық пәндер бойынша 2012-2018ж.
- 5.«Бастауыш сынып» әдістемесі журналы. 2016ж.
- 6.«Бастауыш білім» журналы. 2016-2019ж.
- 7.«Бастауыш сынып» журналы. 2012-2016ж.
- 8.Б.А.Тұрғанбаева. Дамыта оқыту технологиялары.- Алматы, 2002ж.
- 9.Математикалық-дидактикалық материалдар. Алматы, 2006ж.
- 10.Тесттік жұмыстар. Дарынды мектеп, 2003ж.
- 11.Мұғалімге арналған әдістемелік құрал. Алматы, 2002ж.
- 12.Мұғалімге арналған бақылау жұмысының әдістемелік құралы. Алматы, 2007ж.